

**«Общественная позиция»  
(проект «DAT» № 05 (42) от 3 февраля 2010 г.**

ӘУЕЛІ СӨЗ БОЛҒАН

**ЕСІК ПЕН БЕСІК**

**Республика президенті Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған кезекті Жолдауында: «Бұрын қазақтар Еуропаның беделді ұйымына төрағалық еткенді былай қойып, ондағы елдердің есігінен де сығалай алмайтын еді», – деген сыңайда сөз айтты. Шынында, қазақ есіктен сығалауға да шамасы келмеген халық па еді?! Өткен ғасырдың бірінші жартысында Әміре Қашаубаев Париж қаласының талғампаз тыңдарманының құлақ құрышын қазақ әндерімен қандырса, Қажымұқан Мұңайтпасов грек-рим күресінен көрерменнің көзайымы болғанын президент немесе оның сөзін жазып берген жағымпаздар білмейтін болғаны ма? Біз**

**Н.Назарбаевтың сөзіне орай қазақ ұлтының ежелгі тарихынан тартып, Еуропа ұлттарына ықпал еткен мәдениетіміз жөнінен бірер сөз айтуды жөн көрдік.**

Әуелі сөз болған деп басталады көктен түскен төрт кітаптың бірі – Інжілде. Демек, сөз – алғашқы дереккөз. Олай болса, біз осы кезекте өздерін хұннан тараған ұрпақпыз деп есептейтін мажар тілінің қорамсақ мағынасындағы «rozdra» [пұұздро] деген сөзін талдаймыз. Сырт көзбен қарағанда бұл екі сөздің ешқандай ұқсастығы жоқ. Алайда «rozdra» сөзінің мәнін «абдыра» деген сөзіміз арқылы ашуға әбден болады.

Абдыра сөзі «аб» және «дар(ақ)» деген екі сөзден құралады. Яғни ағаштан жасалған, ішінде түрлі бұйымдар сақталатын үй жиһазы, сандықтың бір түрі. Ал моңғол тіліндегі «авдар» сөзінің тұлғасы да, мәні де қазақ тілінде мажар тіліне қарағанда әлдеқайда жақын екені, екі халықтың жағырапиялық тұрғыдан мажарлар сияқты алыстап кетпегендігінің айғағы іспетті.

Қорамсақ – садақ оқтарын сақтайтын жабдық. Ал мажар тілінде қайыңтоздан жасалған қорамсақты «rozdra» атайды. Осы атау абдыра сияқты «roz» және «dra» деген екі дербес мәні жоқ тұлғалы сөзден тұрады. Бұл екі сөз тұлғасы мажар тіліндегі аталмыш атауға қатысты мағынаны білдірмейді, сол

себепті де әлі күнге шейін этимологиясы ашылмаған сөздер қатарында есептеліп келеді.

Біз өз кезегімізде археолог ғалым Зейнолла Самашевтың бір мақаласында «Ежелгі түріктердің жерлеу рәсімінде мүрдеге ылғал өткізбес үшін зиратты қайыңтозбен көмкеріп, жабатын болған» дегенін оқығаннан кейін, бұл атауды қайыңтоз бен абдыра атауына байланыстыра қарауға болатындығын болжаған едік.

[Пұұз] сөзі мажар тілінің үндестік заңына сәйкес сөз соңындағы [з] дауыссызы мен созыңқы айтылатын [ұұ] дауыстысы сөздің басындағы «п» дауыссызын қатаң дыбысталуға ықпал жасайды. Осы ықпалды ырықсыз қалдырсақ, әуелгі сөз тұлға түрік тілінің [боз] сөзімен үндесетін болады. Қазақ тілінде «ақ» түсті «ала», «боз» деп те атай беретіні белгілі. Мысалы, Ақтау – Алатау; ақбозат (ақ-боз, бір мәнді білдіретін екі бөлек тұлғалы қосарланған сөздер); бозінген. Қайыңтоздың заттық болмысы боз түсті болғандықтан, мажар тіліндегі атаудың [пұұз] тұлғасы қазақ тілінің «боз» тұлғасынан ауысып, ілкі мәнін сақтап қалғанының куәсі боламыз. Ал «dra» сөзі – ағаш деген мәнді білдіретін «дар~дара~дарақ» деген сөзіміздің қысқарған түрі. Осы талдаудың негізінде сөздің ілкі тұлғасы «боздарақ» сөзінен туындаған сөз екенін аңғаруға болады. «Дарақ» сөзіміз жоғарыда көрсеткеніміздей, «дар» тұлғасына дейін ықшамдалады. «Дар» сөзіміз «ағаш» деген мәнді білдіріп (дар-ағаш), бір мағынаны білдіретін екі түрлі тұлғадағы қосарланған сөз екенін көреміз. Егер «pozdra» тұлғасындағы мажар сөзі қазақ тілінде де ілкі мәнін сақтаған болса, «боздара» немесе «абдыраға» ұқсас «боздыра», «бұздыра» тұлғасында айтылып, жазылған болар еді. Мажар тарихшылары өздерін хұн дәуірінде, хұндардың шет аймағы есептелінетін Моңғол үстіртінің солтүстігі, Сібір орманының түстік жиегі аймақтарында қалыптасып, ерте ортағасырларда басталған ұлы көштің ырқымен ығысқан бойы 896 жылы Еуропадағы бүгінгі мекенінде мемлекет құрып, біртіндеп отырықшы мәдениетке ауысқандықтары туралы жазады. Соған қарағанда, қайыңтоздан қару-жараққа жабдық жасауды хұнтілді ортада, сібір орманының қайыңы мол өсетін орманды өлкесінде меңгерген болса керек. Хұнтілді ортада деп айрықша атап отырған себебіміз, – қазақ, моңғол мен мажар тіліндегі бір түбірден туындайтын «абдыра», «авдар»,

«rozdra» сөздері ортақ мәдени шеңбер аясында ғана қалыптасқан болуы мүмкін деген пікірден туындайды. Ендеше, әуелде сөз болған деген қағидаға құлақ түрсек, қазақтың арғы аталары Еуропаның есігінен ғана сығалап қоймаған, ескі құрлық аталатын өлкеге өзінің сөзін сіңірген деп білу керек. Газетіміздің бұдан бұрынғы сандарында жарияланған «Қазақ атауы қайдан шықты» деген жалғасты мақаламызда хұндардың өздерін тоба тайпасы санайтын ұран-қай мен қарақас тайпасы осы өлкеде қалыптасқаны жайында Мұқаметжан Тынышбаев пен академиялық тарихшы Сержан Ақынжанов еңбектеріне сүйеніп жазған болатынбыз. Арғындар да осы өлкеде Аргунь өзенінің алқабында алғаш қалыптасқан деген пікір айтылады ғылымда. Егер «rozdra» сөзі 1236 жылы Баты ханнан босқан Қотан ханның қыпшақтары апарған, таза түріктілді ортадан ауысқан сөз болса, бүгінгі тіл қолданысымызда «боздыра» тұлғасына ұқсас сөз біздің тілде де сақталған болар еді. Қазақ немесе басқадай түрік тілдерінде мұндай тұлғадағы сөздің сақталмағаны талдап отырған атауымыз мажар халқын құраған тайпалардың ежелгі атақоныстарында отырған кезінде, яғни хұндардың ыдырауынан бұрынғы уақытта қалыптасып, бүгінгі күнге жеткен, бір кездері бұл халықтардың ортақ тілде сөйлегенін меңзейтін сөз деп болжаймыз.

Еуропа мемлекеттері біздің дәуірдің V ғасырында Хұн қағаны Аттиланың атты әскерінің алдында қоғадай жапырылып, бағынуға мәжбүр болғаны тарихтан белгілі. Алайда көшпенді мәдениетті менсінбей, танауларын шүйіріп қарайтын еуроорталық көзқарастағы тарихшылар да өздерінің мемлекеттік өркениеті мен мәдениетінің дамуына хұндардың ерекше ықпал еткендігін мойындайды. Хұндардан кейін қала бекіністері қалыптасып, ірі помещиктердің ықпалы арта түсті. Қалалар мен қала- мемлекеттер, мемлекеттер арасындағы сауда жанданды. Тауар айналымында ақшаның атқаратын міндеті едәуір артып, қосметалдық (қола+мыс, мыс+күміс, күміс+алтын) жүйенің шарттары қалыптаса бастады. Ол, өз кезегінде, ақшалай капиталдың немесе капиталдың алғашқы қорлануының негіздеріне жол ашатын алғы шарттардың бірі еді. Сонымен қатар сыртқы шабуылдан қорғану мақсатында қала бекіністерін нығайтып, бекініс іргесін жағалай терең ор қазып, ежелгі көшпенділердің үй морлау

тәсілі бойынша сумен толтыратын технологияны көшпенділерден үйренді. (Морлау – судан, желден, жыртқыш аңдардан сақтанудың амалы. Жаңбыр суынан сақтанғанда үйдің іргесін айналдыра қазады. Желге қарсы топырақ немесе көң үйіндісімен іргені қымтайды. Жолаушы қауіп-қатері мол далада түнегенде, ит-құстан немесе маса-шыбыннан сақтанғанда, жатын орнын айналдыра от жағып морлайтынын Қытайдағы қазақ диссидент жазушы Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романынан оқыдық).

Хұндардан бұрын Еуропаны Азиядан барған көшпенді сарматтар да шарлап қайтқаны белгілі. Сарматтар Рим империясы жасағының құрамында Британия иелігіндегі жерлерге дейін жетіп, жалдамалы әскери қызметтер атқарғандығы туралы Батыс Еуропа елдерінің тарихы кітаптарында жазылады. Сармат әскери қызметшілері астындағы мінген атымен қоса, көбелі сауыт киінген бейнеде суреттеледі. Найзаның ұшына ішінен жел кеулеп тұратын дағар іспеттес бөрі басты, жылан денелі байрақ көтеріп, жауға адам мен хайуан бейнесінде тұтаса шабатын болғаны туралы жазылады. Бұдан сарматтар да көктүріктер тәрізді мифтік бөрі басты жыланды қастерлегені білінеді. Түріктік жылан немесе айдаһар – мифологияда ілкі ана бейнесінің заттық көрінісі. Тәңіршілік – наным-сенімнің нысаны. Яғни табиғат пен адамның біртұтастығының сипатын әйгілейтін сақ дәуірінен бері сабақтаса жалғасып келе жатқан мәдениет. Еуропа мәдениетінің дәстүрлі мифологиясында айдаһар табиғаттың дүлей нысаны түрінде танылады. Аңыз-ертегілерінде адамға айдаһарды өлтіру міндеттелетінін әулие Григорийдің айдаһармен шайқасы туралы діни әпсанадан білеміз. Соған қарағанда, сарматтар біздің дәуірдің III-IV ғасырлары шамасында ежелгі түрік мәдениетін жеткізуші, таратушы болған деп болжауға болатын сияқты.

Ұлы Британияға саяхатшылап барып қайтқан таныстарымның аузынан ол елдегі музейде кәдімгі қазақтың бесігін көргендіктерін, бесікті ерте заманда тек ақсүйектер өздерінің нәрестелері үшін тұтынғандығын, қарабайыр халықтың оған қолдары жете бермегендігін айтып таныстыратынын естіген едім. Бүгінгі күні тек түрік халықтарының қолданысында ғана бар бесікті пайдалануды Британия ақсүйектері сарматтардан немесе Аттила хұндарынан үйренген болса керек.

Бесік демекші, Моңғолиядан көшіп келген, бүгінде Алматының іргесіндегі Райымбек ауылында тұратын Сәменұлы Әбденбай есімді ақсақалымыз 1930 жылы Шығыс Қазақстанның Бітеуқанас, Аққулы деген жерінде туған екен. 1931 жылы Бұқтырма өзенін бойлап, ел үріккенде бесіктегі бала екен. Босқан көш түнделетіп, мұзтаудағы биік асудан аяң жүріспен ақырын жылжып келе жатады. Бір кезде шешесі Ажардың аты сүрініп, алдындағы өңгерулі баласы қолынан ұшып кетеді. Биік құздан құлап кеткен баланы «өлдіге» есептеп, іздеуге мұршасы болмаған жұрт тау етегіне түскен соң көлік арқасын суытып, ас-су ішуге аялдайды. Көштің ішіндегі бір кісі бой жазып қайтуға қалың бұтаның ішіне барса, қолдан түсіп кеткен бала бесігінде құндақтаулы қалпы пыс-пыс ұйықтап жатыпты. Көшпенділер ойлап тапқан ең қарапайым бесіктің Еуропа есігінен кіріп, төрінен шыққанының өзі-ақ көп жайды аңғартатынын президенттің білмейтіні өкінішті-ақ.

*Марат УАТҚАН*